

ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ ҚОСТІЛДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қазақ-француз қостілділігін лингвистикалық және психолінгвистикалық қырынан қарасақ, онда оны аралас қостілділік ретінде зерттеп, аралас қостілділік процесінде жүзеге асырылатын тілдік механизмдерді талдауымыз керек.


Қазақ-француз қостілділігінің табиғи билингвизмнен айырмашылығы бар. Ол жасанды билингвизм ретінде оқу мекемелерінде қалыптасады. Бұл жағдайда туған тілдерін жақсы игерген адамдардың тірі қарым - қатынастары жүзеге асырылмайды. Жасанды билингвизм ситуациясында коммуниканттар тілдік қатынаста болу үшін біреуі екінші тілді игеруі қажет. Екінші тіл жасанды ортада үйретіледі. Табиғи билингвизм көршілік және өндірістік қарым – қатынастар арқылы қалыптасады. Бұл жағдайда әр этностың өкілі бір – бірімен өндірістік практикалық іс-әрекет кезінде қажетті ақпаратпен алмасады. Осындай жағдайда тілді игеру коммуниканттың әдейі алдына қойылған мақсаты болмайды, бұл жердегі көздеген мақсат тек ақпаратпен алмасу. Ал ақпаратпен алмасу екінші тілде өтеді, сондықтан да бірінші тілдің иесі екінші тілді үйренуге тырысады. Ал жасанды билингвизмде сол тілдің иесімен ақпаратпен алмасу болашақтағы болжамды гипотеза ретінде көрінеді.

А.Е. Карлинскийдің айтуынша, осындай жасанды және табиғи қостілділіктер үдерісінде екінші тілді меңгерудің ерекшеліктері бар. Табиғи билингвизм үдерісінде екінші тіл оқитын тілдің иесімен үнемі тірі қарым-қатынастар арқылы меңгеріледі. Бұл жағдайда табиғи тілдік орта қалыптасады. Тілдік ортаға туған тілін мүлтіксіз білетін адамдардың жиынтығы жатады. Ал жасанды билингвизмде осындай орта болмайды. Екінші тілді оқушылар осы тілі білетін

адамдардан және аудиторияда үйренеді. Тілді үйрену барысында олар оқу құралдарын оқулықтарды пайдаланады. Оқытушы оқитын тілдің иелері және оқитын адамдардың ортасында делдал ретінде болады [1,42-43].

Қазақ-француз қостілділігі жасанды билингвизм болғандықтан оның иелері екінші тілді игеру барысында қиыншылықтармен кездеседі: 1) бірінші қиыншылық – тілдік ортаның болмауы, себебі қазақтар француз тілін аудиторияда жасанды жағдайларда кітап, оқу құралдар, компьютер арқылы үйренеді. Екінші қиыншылық – француз тілінің иелерімен тірі қарым- қатынаста болмау, француз тілін оқытушы арқылы үйрену. Бұл жағдайда француз тілінің оқытушысы француз тілін туған тіл ретінде игерген француздармен және француз тілін білетін адамның арасында делдалдық қызметін орындайды, сызбаға қараныз:

Қазақ-француз қостілділігі – аралас қостілділік. Осы қостілділік жүзеге асырылған кезде басқа аралас қостілділіктерге де тән құбылыс пайда болуы мүмкін. Бұл құбылыс үшінші ортақ аралас тілдік



жүйенің пайда болуына соқтырады. «үшінші ортақ аралас тілдік жүйе» терминін ең бірінші рет Л.В. Щерба ғылыми қолданысқа ендірген. Л.В. Щербаның пайымдауынша, осындай үшінші ортақ аралас тілдік жүйе қостілділік үдерісінде келесі жағдайда пайда болады: егерде екі тіл билингвтің ой есінде бір ғана ассоциативтік жүйе жасаса [2]. Л.В. Щерба Лу-

жицк аймағындағы диалектерді зерттеу барысында қостілді адамдардың сөзін тексеру кезінде келесі жағдайға назар аударды: кейбір адамдар аралас диалектерді қолданады екен, себебі сол қостіл-ділік тұлғалардың ой есіне бір ғана мазмұн негізінде екі дыбысталу арналары пайда болған [2].

Л.В. Щербаның пікірінше, сол үшінші аралас тілдік жүйенің ықпалы екінші тілдегі іс - әрекетте көрініс береді. Ал бірінші тілдегі сөздік іс -әрекет оның ықпалына көнбейді және бірінші тілдің жүйесіне сәйкес құралады.

Тілдік жүйенің қоғамдық мәртебесі болғандықтан оның жүйесінде жеке тұлғаның сөздік іс-әрекетінде болатын тыс ауытқулар сәулеленбейді және сол тілдік жүйеге мардымды әсер етпейді, мысалы қазақ, орыс, француз, тілін қолданатын адамның сөздік іс - әрекетінде кейбір қателер нормадан тыс ауытқулар кездессе, олар сол қазақ, орыс француз тілінің жүйесіне әсер ете алмайды, себебі қоғамдық мәртебесі бар тіл өзінің ережелері заңдылықтары негізінде өмір сүре береді. Сондықтан да жаңағы Л.В. Щерба айтып кеткен үшінші орта аралас жүйе тек билингвтің тілінде ғана көрініс береді: Қостілділік тұлғаның идиалектінде пайда болған үшінші аралас ортақ жүйенің құрамы күрделі. Оның компоненттері ретінде А.Е. Карлинский компетенцияны және сөздік іс-әрекетті атайды. Компетенция деген ұғымға билингвтің тілді имплицитті түрде білгені жатады. Ал сөздік іс-әрекетті біз сөйлеу және түсіну үдерісі деп түсінеміз. И.А. Зимняя сөздік іс -әрекетке келесі анықтама береді: «билингвальная деятельность есть активный, целенаправленный, мотивированный, предметный (содержательный) процесс выдачи и приема сформированной, по средствам языка, мысли, направленной на удовлетворение коммуникативно-познавательной потребности человека в процессе общения [3,121].

Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, сөздік іс-әрекеттің түрі оның желісіне, мақсатына, жоспарына, сөздік жоспарды жүзеге асыратын тәсілдеріне қарай әр түрлерге бөлінеді [4]. Сөздік іс -әрекеттің төрт түрі бар: сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу. Ол А.А. Леонтьевтің ойынша, сөздік іс әрекет төрт сатыда өтеді: а) іс-әрекет өтетін жағдайда бағдарлама жасау сатысы; б) бағдарлау негізінде жоспарды жасау; в) құрған жоспарды іске асыру; г) құрылған жоспар мен алынған нәтижелерді салыстыру [5,5].

Сөздік іс-әрекет үш деңгейде құрылады. Осы үш деңгейлерді психоллингвист И.А Зимняя жақсы сипаттаған. Ғалымның пайымдауынша, сөздік іс-әрекеттің келесі үш деңгейі бар: 1) қозғаушы желісті деңгей; 2) тұспалдау зерттемелік деңгей (аналити-

ко- синтездік); 3) орындау [3].

Қозғаушы-желісті деңгейде екінші тілді үйрену желісі анықталады,мысалы, қазақ тілін білетін тұлға не үшін француз тілін үйренеді, қандай мақсат көздейді? Осы деңгейде оқытушы оқушының екінші тілді үйрену мотивін, яғни желісін анықтап,оқушылардың эмоционалды сферасын белсендетеді: Қазақ- француз билингвтің француз тілін үйрену желісі-әлемдік тілді білу. Ал сол тілді білу нәтижесінде іскерлік ситуациядағы қауышуларға белсенді түрде қатысып, сол тілде келіссөздер өткізіп, шетел партнерлерімен, банктермен іскерлік қарым-қатынаста болуды көздейді. Осы сатыда коммуникативтік белсенділікті үдейту қажет. Ол үшін келесі үш факторларды есепке алу керек: а) екінші тілде қауышу өтетін аяларды белгілеу; 2) оқушылар шұғылданатын іс-әрекеттің түрлерін алдын ала білу; 3) шетел тілін оқитын адамдардың жас мөлшерімен байланысты ерекшеліктерін еске алу.

Екінші сатыда сөйлеудің ішкі операциялық механизмдері іске асады. Бұларға, И.А. Зимняяның ойынша, жоспарлау бағдарлама жасау тілдік және әдіс – тәсілдер және оларды ұйымдастыру әдістері жатады. Осы сатыда француз тілін толық игермеген оқушы өзінің ішкі сөзіндегі ойды туған тіл арқылы құрастырады, ойдың мазмұнын туған тілде ойлау арқылы анықтайды; сонан соң оқушы қазақ тілінен француз тіліне көшеді: қазақ тілінде ішкі сөзін құрастырып француз сөзінің мазмұнын белгілеген соң, сөзін француз тіліне аударады. Осы жағдайда оқушының назары бөлінеді, себебі бір жағынан ол сөйлеудің мазмұнын қалыптастырып отырса, екінші жағынан оның қандай түрлі әдіс-тәсілдер арқылы өңдеу керек екенін шешумен болады. Осы кезде оқытушы екінші тілде динамикалық стереотипті жасауына көңіл бөлу керек. Бұл екінші тілдегі динамикалық стереотип туған тілдің стереотипінен бөлек құрылуы керек.

үшінші орындау сатысында ішкі сөзде құрылған сөйлеу дыбысталу керек, оны сыртқы сөздік іс-әрекетке шығару керек. Ес ойда сақталынатын әдіс-тәсілдер негізінде екінші тілде сөйлеу дыбысталынып, қазақ- француз мәдениаралық коммуникацияның екі партнері бір-бірімен ақпаратпен алмасады Екінші тілде сөздік іс-әрекетті құру үшін сөздің механизмдеріне де назар аудару керек. Психоллингвистер осындай механизмдерге ең алдымен туған тілдегі сөздік іс-әрекетте қолданатын дағдыларды жатқызады, себебі екінші тілді меңгеру барысында билингв екінші тілдегі сөздік іс-әрекетте бірінші тілдегі сөздік іс-әрекетте қолданылатын механизмдерді пайдаланады. Осы кезде ол тек ғана сол механизмнің кейбір деңгейлерін, буын-

дарын жаңартады, дұрыстайды. Ал туған тілдің механизмдерін қолдану барысында интерференция құбылысы пайда болады. Интерференция А.Е. Карлинскийдің пайымдауынша, зарар компетенцияның да салдарынан пайда болады. Зарар компетенцияға ғалым екінші тілді дұрыс деңгейде білмегендікті, оның фонетикалық, лексикалық, грамматикалық элементтерін толық меңгермеуді жатқызады [1]. Екінші тілдегі зарар компетенцияның салдарынан шетел тілін оқығанда лексика-семантикалық грамматикалық, фонетикалық интерференциялық құбылыстар пайда болады. Сонымен қатар, екінші тілді меңгеру барысында тағы да бір психолингвистикалық механизмді еске алу керек. Ол – ақыл-ес. Ақыл-естің екі түрі болады а) оперативті; б) ұзақ мерзім сақталынатын. Осы ұзақ мерзім сақталынатын ақыл-есте тілдік материал сақталынады. Сол тілдік ақыл-ес сана-сезімнен алынып, сөздік іс-әрекетте пайдаланылады. Оперативті ақыл-ес арқылы сөздік іс-әрекет өтеді. Туған тілдің оперативтік ақыл-есіне қарағанда, шетел тіліндегі оперативтік ақыл-ес аз көлемді болады. Егерде осы ақыл-есті жаттығу арқылы үнемі толтырып отырса, шетел тіліндегі және туған тіліндегі ақыл-ес теңгеріледі. Сондықтан да оқу үдерісіне жаттығулар жүйесін үнемі кіргізуге назар аудару керек. Осы жоғарыда аталған сөздік әрекеттің төрт сатысынан басқа шетел тілін үйрету процесінде пайда болатын сөздік іс-әрекеттің бесінші сатысын ескеру керек. Ол – ойлау. Ойлау іс-әрекетінде мүлдем басқа механизмдер орын алады. Ойлау процесінен ойлану үдерісін айыра білу керек. М.М. Мұқанов өзінің «Ақыл-ой өрісі» монографиясында «ой» және «ойлану» ұғымдарына анықтама береді. М.М. Мұқановтың пікірінше, ой – белгілі бір мәселені шешу кезінде кездесетін психологиялық процесс, ал «ойлану» процесінің анықтамасы келесідей: «ойлау» дегеніміз – кез келген нәрсенің бейнесін көз алдына елестетіп, сол жайында белгілі бір ұғым қалыптастыру. Сөйтіп, адам алынып отырған мәселелердің жүйесін әлгі айтылған ұғымдармен салыстырады. Егер дәлме-дәл келсе, күн тәртібіндегі мәселемен одан әрі шұғылдана беруге болады. Ал дәл келмесе онда бұл мәселеге басқа бір қырынан қарауына тура келеді. Мұны ойлану деп атайды [6,3]. Шетелдік сөздік іс-әрекет кезінде «ойлау» және «ойлану» процесінде келесі механизмдер жүзеге асырылады: 1) баға беру және меззеу механизмдері. Оларға біріншіден: а) тілдік жағдаяттар; б) тура және керісінше байланысу арналары; в) өзгешеліктік вербалдық және паралингвистикалық мінез-құлықтың ерекшеліктері жатады. 2) мақсатты көздеу механизмі. Осы механизм арқылы коммуниканттың қолданатын стратегиялары

белгіленеді. 3) болжамдау механизмдері; 4) құрамалау механизмдері; 5) құру механизмдері; 6) өзара реттеу механизмдері. Екі тілдегі сөзді тудыратын механизмдер бір-біріне бағынбайтын, тәуелсіз түрде іске асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда таза қостілділік пайда болады. Ал аралас қостілділік процесінде бірінші тілдің механизмдері екінші тілдің механизмдерімен араласады. Сонымен қоса бірінші тілдің және екінші тілдің компетенциясы да араласуы мүмкін. Қазақ-француз аралас қостілділігінде екінші француз тіліндегі сөздік іс-әрекет бес сатыда өтеді: 1) француз тіліндегі өтетін сөздік іс-әрекеттің қолданылатын жағдайларын ескеріп, тұспалдау; 2) осы өткізген меззеу нәтижесінде белгілі жоспар құру; 3) осы жоспарды жүзеге асыру; 4) алынған нәтижелерді құрылған жоспармен салыстыру; 5) француз тілінде ойлау және ойлану.

Қорыта айтқанда, қазақ билингві француз тілінде еркін сөйлеу үшін аралас қостілділік сатыда болатын зарар компетенцияны жеңіп таза қостілділік сатысына көшу керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Ғылым, 1990.
2. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. Алматы, 1958.
3. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке: М, 1978.
4. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. М., 1956.
5. Леонтьев А.А. Деятельность, сознания язык // Вопросы философии, 1977. №12.
6. Мұқанов М.Т. Ақыл – ес әдісі. Алматы: Қазақстан, 1980.

Резюме

В статье рассматриваются психолингвистические механизмы казахско-французского двуязычия.

Summary

In this article the author characterizes the process of bilingualism of Kazakh – french languages in psycholinguistic and linguistico didactic aspects.

Каз ККА

Поступила 2.06.2006 г.

Справедливы следующие

Теорема 1. $\psi_0(x) \in W_2^2(\Omega)$, $\omega_0(x) \in W_2^1(\Omega)$, $S \in C^2$. Тогда существует хотя бы одно обобщенное решение задачи (8)–(9) и для него имеет место оценка:

$$\begin{aligned} & \varepsilon \|\psi^\varepsilon\|_{L_1(0,T,I_2(\Omega))} + \|\Delta \psi^\varepsilon\|_{L_1(0,T,I_2(\Omega))} + \\ & + \|\omega^\varepsilon\|_{L_1(0,T,I_2(\Omega))} \leq C < \infty. \end{aligned}$$

Теорема 2. Обобщенное решение задачи (8)–(9) сходится к обобщенному решению задачи (3), (5), (6) при $\varepsilon \rightarrow 0$ со скоростью

$$\begin{aligned} & \|\psi^\varepsilon - \psi\|_{L_1(0,T,I_2(\Omega))}^2 + \\ & + \int_0^T \|\omega^{\varepsilon\varepsilon} - \omega\|_{L_2(\Omega)} dt \leq C\sqrt{\varepsilon}. \end{aligned}$$

ЛИТЕРАТУРА

1. Бессонов О.А., Брайловская В.А., Ру Б. Численное моделирование трехмерного сдвигового течения в полости с движущимися крышками // Механика жидкости и газа. 1998. №3. С.41-49.
2. Weiman E., Guo Lin. Finite difference method for 3D visions incompressible flows in the vorticity – vector component

formulation on non – staggered grids // Journal in computational physocs. 1997.V.138. Article № 9755815. P. 57-82.

3. Калтаев А., Смагулов Ш.С., Шлембаев К.Т. К теории численного решения пространственных задач течения вязкой жидкости в переменных «функция тока - вихрь скоростей» в односвязной области // Труды международной конференции «Современные проблемы механики». Алматы, 2001. С.77-82.

4. Антонцев С.Н., Кажихов А.В., Монахов В.Н. Краевые задачи механики неоднородных жидкостей. Новосибирск: Наука, 1983. 318с.

Резюме

Ток функциясы мен құйын жылдамдығы айнымалылары арқылы берілген стационар емес сығылмайтын сұйықтықтың кіші параметр бойынша регуляризациясы қарастырылған. Жалпылама шешімнің бар болуы мен жинақталуы көрсетілген. Шешімнің бірқалыпты априорлық бағалары мен жинақталу жылдамдық бағасы алынған.

Summary

In the given work approximation with small parameter of non-stationary model of an incompressible liquid in variables of function of a current and a whirlwind of speeds is examined. Existence and convergence of the generalized decision of the approached task is received, and also uniform aprioristic estimations and an estimation of speed of convergence of the decision are removed.

УДК 517.946